

791 бұйрық, 10-11

тармақтары

Орындаған Абданбай З

724-2



Қазақстан Республикасының
Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Осы

*қаулыға қосымшаға сәйкес
Қазақстан Республикасы
Үкіметінің кейбір шешімдерінің
күші жойылды деп танылсын.*

*2. Осы қаулы алғашқы ресми
жарияланған күнінен бастап
күнтізбелік он күн өткен соң
қолданысқа енгізіледі.*

Қазақстан Республикасының

ПремьерМинистрі

С.Ахметов



*Қазақстан Республикасы Үкіметінің күші
жойылған кейбір
шешімдерінің тізбесі*

**1. «Жұмыс істеп тұрған және салынып
жатқан объектілердің энергия үнемдеуіне
сараптама жасау ережесін бекіту туралы»
Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000
жылғы 4 ақпандағы № 167 қаулысының
(Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы,
2000 ж., № 5-6, 67-құжат) 1-тармағы.**

2. «Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі Мемлекеттік энергетикалық қадағалау жөніндегі комитетінің «Мемэнергиясараптама» республикалық мемлекеттік кәсіпорнын қайта ұйымдастыру туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 23 қаңтардағы № 91 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулардың 4-тармағы.

3. «Оператор-компанияны айқындау ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 15 қаңтардағы № 14 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2008 ж., № 1, 9-құжат).



4. «Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 30 желтоқсандағы № 2305 қаулысымен (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2010 ж., № 4, 54-құжат) бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістердің 28-тармағы.

5. «Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 23 тамыздағы № 826 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2010 ж., № 49, 445-құжат) 1-тармағының 1) тармақшасы.


Қазақстан Республикасының спортшыларына - 2011 жылғы Астана мен Алматы қалаларындағы 7-қысқы Азия ойындарының жүлдегерлеріне және олардың жаттықтырушыларына біржолғы төлемдер мәселелері бойынша Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен қаражат бөлу туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 14 шілдедегі № 791 Қаулысы



2011 - 2013 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 29 қарашадағы Заңына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Бюджеттің атқарылуы және оған кассалық қызмет көрсету ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 26 ақпандағы № 220, «Қазақстан Республикасының ұлттық құрама командаларының мүшелерін халықаралық жарыстардағы жоғары нәтижелері үшін көтермелеу мөлшерін бекіту туралы» 2010 жылғы 22 қазандағы № 1098 қаулыларына сәйкес және Қазақстан Республикасының спортшылары мен олардың жаттықтырушыларын 2011 жылғы Астана мен Алматы қалаларындағы 7-қысқы Азия ойындарында табысты өнер көрсеткені үшін көтермелеу мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігіне 2011 жылғы Астана мен Алматы қалаларындағы 7-қысқы Азия ойындарының жүлдегерлеріне біржолғы төлемдерді жүзеге асыру үшін 2011 жылға арналған республикалық бюджетте көзделген Қазақстан Республикасы Үкіметінің шұғыл шығындарға арналған резервінен 35376000 (отыз бес миллион үш жүз жетпіс алты мың) теңге сомада қаражат бөлінсін.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен бөлінген қаражаттың мақсатты пайдаланылуын бақылауды қамтамасыз етсін.



*3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап
қолданысқа енгізіледі.*

*Қазақстан Республикасының
Премьер-
Министрі К. Мәсімов
Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2011 жылғы 14 шілдедегі
№ 791 қаулысымен
бекітілген*



Спасибо за внимание!